

**"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117
қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 833 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23
қыркүйектегі № 1005 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері»
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 529-құжат)
мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

16 - т а р м а қ т а :

1. Орталық аппараттың функциясында:

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын әзірлеу және
б е к і т у » ;

25), 48) тармақшалар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 52) тармақшамен толықтырылсын:

«52) дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі формулярлық
комиссия қызметінің ережесі мен тәртібін бекіту;»;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
қарамағындағы ұйымдар мен олардың ведомстволарының тізбесінде:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар деген 1-кіші
б ө л і м д е :

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік
санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Атырау облыстық
санитариялық-эпидемиологиялық сараптау орталығы;»;

Қазыналық кәсіпорындар деген 2-кіші бөлімде:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік

санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Ақтөбе облыстық санитариялық-эпидемиологиялық сараптау орталығы;»;

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік деген 3-бөлімнің 1-тармағы алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК